

ISSN 2524-0986

 **iScience**[®]

АКТУАЛЬНЫЕ НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

ЖУРНАЛ

Выпуск 2(70)

Часть 6

Переяслав
2021

СОДЕРЖАНИЕ

СЕКЦИЯ: ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Altynbayeva Ainur Sagingaliyevna, Aubakirova Gulbanu Tursunovna (Karaganda, Kazakhstan) STRATEGIES FOR OVERCOMING THE LANGUAGE BARRIER AMONG STUDENTS OF NON-LINGUISTIC UNIVERSITIES.....	6
Khidirova Djamil, Yuldasheva Gulnoza (Sherabad, Uzbekistan) BORROWINGS IN THE MODERN GERMAN	12
Konarbayeva Aliya Tursynbekovna (Almaty, Kazakhstan) THE TERM AS THE BASIS OF A LEXICAL PHENOMENON WITH A COGNITIVE APPROACH TO THE STUDY OF TERMINOLOGY.....	17
Kushakova Nodira Odilovna (Samarkand, Uzbekistan) THE IMPORTANCE OF CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING (CLIL) APPROACH IN EL CLASSES.....	23
Razzaqova Shahlo Baxtiyor qizi (Samarqand, O'zbekiston) TALABALARDA MADANIYATLARARO MULOQOTNI RIVOJLANTIRISHDA O'QITISHNING O'RNI.....	28
Абдиреева Жулдыз Амангельдиевна, Садыкова С. А. (Ақтөбе, Қазақстан) МӘДЕНИАРАЛЫҚ ТІЛДІК ТҮЛҒАНЫҢ ЭТНОЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ	31
Алдабергенова Айнур Салимжановна, Омарова Гульнар Турсуновна (Нур-Султан, Казахстан) ВЛИЯНИЕ ОБРАЗОВ СВЕТА И ТЬМЫ НА СОЗНАНИЕ И ЖИЗНЬ МОЛОДЕЖИ.....	35
Альбекова Асия Шахеновна, Омарова Гульнар Турсуновна (Нур-Султан, Казахстан) КОМПЛЕКСНЫЙ АНАЛИЗ ТЕКСТА КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ	39
Асанбаева Елдана Бахытовна (Нур-султан, Казахстан) КИНО ДИСКУРСЫ НЕГІЗІНДЕ ТІЛ ҮЙРЕНУШІЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ	43
Багринцев Сергей Андреевич (Армавир, Россия) СПЕЦИФИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ТЕКСТОВ МЕДИАДИСКУРСА	48
Байтанасова Қарлығаш Медетқызы (Нур-Сұлтан, Қазақстан) ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ МӘТІН ҚҰРЫЛЫМЫ	53
Болатова Гүлжан Жамбылқызы, Көрегенова Арайлым Батырханқызы (Алматы, Казахстан) РАССКАЗЫ ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИ: ИДЕЙНО-ТЕМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ	57
Болатова Гүлжан Жамбылқызы, Қалкөз Ақжұлдыз Жомартқызы (Алматы, Казахстан) МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ПСИХОЛОГИЗМА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Т. АБДИКОВА.....	62
Джуманияз Айдана Кучкарбайқызы (Алматы, Казахстан) ЭСТЕТИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ТЕАТРАЛЬНОЕ ИСКУССТВО В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ДРАМАТИЧЕСКОМУ ПРОИЗВЕДЕНИЮ	67

УДК 15 (87.49)5

Болатова Гүлжан Жамбылқызы, Көрегінова Арайлым Батырханқызы
Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
(Алматы, Казахстан)

РАССКАЗЫ ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИ: ИДЕЙНО-ТЕМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

Аннотация. Обретение нашей страной независимости открыло путь к обновлению и расширению идейно-тематического уровня национальной литературы. Кроме того, благодаря свободному вдохновению казахских писателей на темы “Желтоқсан” 1986 года, “Семипалатинский полигон” 1989 года, “Афганистан” родились некоторые художественные прозаические произведения, сыгравшие решающую общественно-политическую роль в социальной жизни страны.

Ключевые слова: проза, тәуелсіздік, сочинение, литература, казахский язык.

*Bolatova Gulzhan Zhambulkyzy, Koregenova Arailym Batyrkhankyzy
Kazakh National University named after Al-Farabi
(Almaty, Kazakhstan)*

STORIES OF THE INDEPENDENCE PERIOD: IDEOLOGICAL AND THEMATIC FEATURES

Abstract. The country's independence has led to the revival and expansion of the ideological and thematic level of our national literature. At the same time, thanks to the free inspiration of Kazakh writers on the themes of the history of Kazakh literature-“Zheltoksan” in 1986, “Semipalatinsk test site” in 1989, “Afghanistan”, which played a crucial socio – political role in the social life of the country, a number of artistic prose works were born.

Keywords: prose, Independence, work, literature, Kazakh

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘҢГІМЕЛЕР: ИДЕЯЛЫҚ- ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі қазақ прозасының, оның ішіндегі әңгіме жанры стильдік тұрғыдан болсын, тақырыптық тұрғыдан болсын барынша жаңаша түр алды. Әдебиетке енді ғана келген жас жазушылар кеңестік реализм шаблоннан шығып, тың қазақ прозасын қалыптастыруға талпынып жатқаны байқалады. Бұл үрдіс ХХ ғасыр соңында алпысыншы жылғылардың да, алтын көпірліктердің де шығармашылықтарынан анық көрінген. Бірақ, бұл екі топтың алғашқысы стильдік өзгешеліктерге аса мән бермеген еді. Олар ескіше жазуымен тың тақырыптар қозғады. Ал алтын көпірліктер алдыңғы буын қалыптастырған тың тақырыптарды өзгеше жазу стилінде жеткізді. Ал әдебиетке енді келген жас буын алдыңғы екі толқынды да өзіне сіңдіруге талпынып жатыр.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі ұлттық әдебиетіміздің қайта жаңарып, идеялық-тақырыптық деңгейі кеңеюіне жол ашты. Сонымен қатар еліміздің әлеуметтік өмірінде қоғамдық-саяси шешуші рөл атқарған қазақ әдебиеті тарихының ақтаңдақ беттері – 1986 жылғы “Желтоқсан”, 1989 жылғы “Семей полигоны”, “Ауғанстан” тақырыптарына қазақ жазушыларының еркін шабыттана жазуының арқасында біраз

көркем прозалық шығармалар дүниеге келді. Бұл қазақ әдебиетіне енген жаңалық екенін айтпасақ та түсінікті. Ендеше, бұл мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі әңгіме туындыларын идеялық-тақырыптық жағынан талдап, ерекшеліктерін талдайық.

Әр заман өзіне тән өз өрнегін салады. Ол өрнек адамдарда, тағдырларда, құбылыста, өмірде және өлеңде бейне алады. Өлең дегенім- әдебиет деп біліңіз. Әр ғасыр әдебиеті сол заманның ащы шындығын, өткір өтірігін, ап-анық бейнесін арқалап келеді. Әдебиетті дәуірлерей отырып, сол дәуірдегі халық тұрмысымен таныса аламыз. Би-шешендер кезіндегі әдебиет, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі әдебиет, ақын-жыраулар, сал-серілер қалдырған әдебиет, зар-заман ақындарының қолтаңбасы, орыс отаршылдығы арқау болған әдебиет. Бәрі – бәрі заман шындығын әшкерелеп тұр.

Қазіргі қазақ прозасы, оның ішіндегі әңгіме жанры – ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріс қозғалысы жүйесіндегі шығармашылық еңбектің нәтижелері болып табылады. Қазақ тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын суреткерлер ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық-тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізері сөзсіз. Осындай жаңашылдық тек тың идеялық-көркемдік ізденістер нәтижесінде келеді. Табысқа жету үшін тақырыптың жаңашылдығы жеткіліксіз. Жаңалық жазушының белгілі бір идеяны жеткізу ерекшелігінен, өмірге деген көзқарасынан, көрген-білгендерін ой-санасында қорыту мен оны суреттеу ұстанымдарынан, әлеуметтік талдау пайымынан аңғарылмақ. Бұған сюжет, композиция құру, кейіпкер таңдау, мәтіндегі сөз таңдау, сөз әрлеу тәрізді суреткердің дара стиль өзгешеліктері де жатады. Алайда, әр автордың жаңалығы мол тың шығарма тудыруға ұмтылысы әрдайым дәстүр сабақтарымен астасып жатқанда ғана жемісті. Тәуелсіздігіміздің бастауы болған Желтоқсан көтерілісі – еліміз егемендік алғанға дейінгі тыйым салынған, “жабық” тақырыптардың бірі болып келді. Талай қазақтың қыз-жігіттерін қыршынынан қиған, жазықсыз жандардың көз жасынан тұратын бұл тақырыпқа біраз жазушылар қалам тарқаны белгілі. Әңгіме-повестерде бұл тақырыпқа – А. Алтай, М. Байғұтұлы, Қ. Түменбай мен Ж.Қорғасбектер тыңнан түрен салды.

Мархабат Байғұттың “Жоғалған жұрнақ” атты әңгімесінде 1986 жылы сотталып, қоғамнан аластап, шеттетілген, желтоқсан қасіретінің құрбаны болған жас жігіттің тағдыры бейнеленген. Қаламгер бұл образ арқылы ұлтсыздану мен жаһандану қасіретіне душар болған жоғалған ұрпақ трагедиясын суреттеген.

“Ол Айқұмырсқадан көшпей қалған жеті-сегіз үйден сәл былайырақтағы Тақиятөбенің тепсеңінде, өзі туған үйдің орнында шапанының етегінен тас төгіп отырған күйінде қатып қалты... Жұрнақ қатып қалған түні Қамбар ата кесенесі түбіндегі айналасына ақ сәуле шашатын ақшылтым тас түп-түгел қарайып кетіпті деседі.” (Байғұт, 2009: 157).

Асқар Алтайдың “Прописка” атты әңгімесінің тақырыбы да желтоқсан. Әңгіме Арқат есімді жігіттің жеті жылдан кейін өзінің туған ауылына қайтып келуінен басталады. Мұндағы мақсаты паспорт үшін пропискаға тұру әрі желтоқсан оқиғасына қатысты құдаладан бассауғалау болатын. Бірақ жолдың бойында жолаушы тиеген автобус омбы қар мен боранның кесірінен аударылып қалады. Автобус қайтадан жолға шыққанымен Ертіс өзенінің арғы бетіне өте алмай кейін қайтады. Урбанизация қалаға қуған қазақ ұлтының наласы мен шері, пропискаға отырудың соры. Алайда бұл жеке бастың қайғысы

емес, бүкіл қазақ қоғамының басына түскен ауырпалықты таңбалайды. Ол – қазақ қоғамындағы ащы шындық.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің қарымды қаламгерлерінің бірі Қуандық Түменбай да желтоқсан тақырыбынан айналып өтпеді. Оның “Қобыздың мұңы”, “Мұнар күн”, “Қазанама оқушы” әңгімелері желтоқсан оқиғасының ел басына тудырған зардаптары, халықтың жай-күйіне, адамдардың сан қилы тағдырына арналды.

Бүгінгі әлеуметтік өмір шындығы Б.Қанатбаевтың “Ескі жұрт” әңгімесінде де шеберлікпен беріледі. Дүние өзгеріп, ұрпақ ауысқан кездегі ұлттық құндылықтардың жұтандауына назар аударады автор. “Тәуелсіздік кезеңі тіршілігіміздің алуан саласындағы жаңа да жарқын бетбұрыстарға, жаңғыруларға бастап отыр. Сондықтан өмір шындығын, өмірлік материалдарды авторлық концепция мен өткір проблемалдарға сабақтастыра тандау мен толғаудың мән-маңызы айырықша” (Қабдолов, 1983: 94).

Рахымжан Отарбаевтың “Американың ұлттық байлығы” әңгімесіндегі әлеуметтік мазмұны қарапайым ауыл тіршілігі арқылы ашылады. Әңгімеде болмашы бір күлкілі оқиға арқылы халқымызда ұлттық идеология жоқтығы көрсетіледі. Кейіпкердің рухани дүниесіндегі, характеріндегі өрлеу мен әлеуметтік шындықты шебер көрсетеді.

“– Аллам-ау, – деді амалы таусылған аңшы үні тозып, мұржаға сүйене кетіп. – Шәуіл деген жаман ши бөрі Американың ұлттық байлығы болсын. Мен сонда Қазақстанның кімімін?” (Отарбаев, 2012: 11). Жазушы ши бөрі мен ел-жұртты салыстырады отырып бейнелейді. Шығармада суреткер қазақ жерінде тұратын өзге ұлттарды ши бөрі бейнесіне қойып, әсірелеп төбемізге көтерудің тұспалы бар. Қаламгер шығармасының тақырыбында үлкен мағына жатыр.

М. Мағауиннің “Ұлт аралық жанжал” атты туындысының қаны қазақ, рухы қазақ сүйсініп оқитын шынайы әңгіме екендігі көркемдік қуатының кемелділігінен көрінеді. Тілді, елді, рухты қорлағысы келіп, менсінбеу, қазақтың кеңдігін ұдайы бас пайдаларына пайдалану, қазақтың қашан да ерен төзімділігі, балақтағы биттің басқа шығуы – бәрі сатиралық уытты тілмен әшкерелеген. “Ал, қазақ... Тәуелсіздік алдың, енді атаңның басы керек пе?! Ел иесі екенінді қашан ұғасың?” (Елеуқенов, 2012: 24).

Әңгіме аяғы оқырманның ұлттық рухының көтерілуіне түрткі болатын сауал әрбір саналы қазақ жүрегіне ой қалдырады. “Ұлттық идея біздің ортақ тағдырымыздан туындайды. Ол ащы болсын, тәтті болсын-біздің бүгін де, ертең де өмір сүруіміздің бірден-бір шарты”, – деп түйіндейді.

Қазақстанның тәуелсіздік ел атануы – тамыры тереңде жатқан қазақ халықтығының, ата-бабаларымыз аңсаған егемендіктің тұғыры нығая түскенін айқындайтын маңызды кезең. Тәуелсіздіктің арқасында қайта жаңғырған төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Ендігі мақсат – тарихымыздың кешегісі мен бүгінгі терең зерттеп, зерделеу. Әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді. “Тәуелсіздік жылдары” деп аталатын кезеңнен басталған жаңашыл ізденістер рухани жаңғырудың жаңа бір кезеңі болды да, қазақ әдебиетіне көркем ойлаудағы жаңа ұстанымдарды алып келді (Назарбаев, 1996: 36).

Халық бойындағы ұлттық рухтың сөнуді, көріне алмауы жақсылыққа апармайды. Сөнген рухты қайтадан маздата жаға білу тек қана әдебиеттің қолынан келетіні туралы қаламгер Д. Әшімханұлы мынадай пікір білдірген: “Ұзақ жылдар бойы ағылшындардың отарлауында болған үнді халқы тәуелсіздік алған кезде Джавахар Нерудің “Бәрін қалпына

келтіреміз. Кедейшіліктен құтыламыз, байлыққа да жетеміз, қираған мүлік-мүкәмалдың да орны толады. Ең жаманы отарлық езгінің әсерінен халқымыз рухын жоғалтып алды. Орны толмас өкінішіміз де осы” деп мұңаятыны бар. Осыған ұқсас, көп жылғы отарлық пен бодардық қазақ халқын ың да рухын жасытып, сағын сындырып кетті. Ал енді халқымыздың жасыған рухын кім көтереді. Меніңше, мұны тек әдебиет көтереді. Сондықтан да әдебиетіміздің қазіргі кездегі міндеті, парызы-халқымыздың рухын көтеруге бағытталуы керек” (Қазақ әдебиеті, 2001: 9).

М. Мағауиннің “Құмырсқа қырғын”, “Коммунистік реализм”, “Қасқыр – Бөрі”, “Қисық ағаш”, “Қос Ағаш”, Т. Нұрмағамбетовтің “Кене”, А. Алтайдың, т.б. шығармалары әлеуметтік өмірдің ең бір өзекті мәселелерін, сыншылық-философия саралайды. Жазушыларымыз өз шығармаларындағы айтар ойын, суреткерлік көзқарасын тұспалдап, психологиялық тұрғыда жеткізуі немесе әлеуметтік символикаға ден қоюы – заңдылық. “Астарлап, ишарамен сөйлеу, сөзге сараңдық, үкім айтудан, соңғы ақиқатпен кездесуден қашу – постмодернистік рухтағы бүгінгі қазақ прозасына тән басты қасиеттердің бірі” (Елеуенов, 2012: 24).

Ұлт әдебиетіне ортақ жаңа сапалар, өлшемдердің елеулісінің бірі – қазіргі қазақ прозасының идеялық сипаты. Біздің басты назар аударатынымыз да бұрыннан бар тәсілдің қазіргі заманғы жаңа болмысты прозадағы өзгеше жаңғыруы мен түрленуі болмақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, М. Мағауиннің алып отырған идеялық сипат – Қасқыр – Бөрі. “Қасқыр – Бөрі” атты шағын әңгімесі өзінің құрылымдық жағымен ерекшеленеді (Адамзат өркениеті-тарих және қазіргі заман., 2005: 266).

Сонымен, жоғарыда талданған бірнеше автордың алып отырған тақырыптары да ұқсас шығармаларының негізі де бір, айтпақтары да бір – ортақ арнаға құйылады. Ол – ежелгі ата-баба қастерлеген құндылықтардың бағасын, парқын білу. Бүгінгі рухани дағдарыс тұсында өскелең ұрпаққа өнегелі тұстарын үлгі ету. Табиғат-Адам бірлігін, тұтастығын сақтаған алғашқы адам сезімінің артықшылықтарын алға тарту. Әрине бұл мақсаттардың әртүрлі қаламгер шығармаларында әр қилы дәрежеде көрініс тауып жатуы – заңдылық. Сол арқылы қазіргі қазақ прозасының жаңарған көркемдік бітімі де бірте-бірте қалыптаспақ.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ прозасының біршама тоқырап қалғаны рас еді. Әрине, бұл кезеңдерде алдыңғы буын өкілдер болды. Бірақ, олардың да қаламдары біршама тосылып, жаңылыңқырап қалған жайы бар. Бұл кезеңдерде нағыз жаңалыққа, еркіндікке жаны құмар жазушылар ғана өз биіктерін ұстап қала алған. Қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Б. Нұржекеұлы, Т. Нұрмағамбетов, Қ. Түменбай, Ә. Тарази сынды қаламгерлер үлес қосты. Осылардан кейінгі толқын әдебиетке кешеуілдеп келді. Өйткені, алдыңғы буын ағалардан жол күтті. Ал алдыңғы буын біршама жолын салып та берген еді. Әдебиетке кеңес өкіметі тұсында келіп, сол кезеңде қалыптасқан жазушылардың көтерген және көтеріп жүрген жалпылама тақырыптары мыналар: кешегі өкіметтің жауыздығы мен жалғандығы, біршама деңгейдегі культтік тақырыптар, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі халық басынан кешкен қиыншылық, біршама деңгейдегі тарихи тақырыптар. Бірақ, мұның өзінің астарында кешегі өкіметке, патшалық ресейге деген ашық қарсылық пен жеккөрініс жатады.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Байғұт М. Оқу залы. Әңгімелер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 341 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері: әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1983. – 368 б.
3. Отарбаев Р. Біздің ауылдың амазонкалары. – Астана: Фолиант, 2012. – 424 б.
4. Елеуенов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. 6 – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 480 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.
6. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.
7. Адамзат өркениеті-тарих және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары, 5-9 шілде 2005 ж. – Алматы: Университет “Қайнар”, 2005. – 266 б.
8. Мағауин М. Шығармалар жинағы. Әңгімелер: – Алматы: Жазушы, 2007. – 320 б.
9. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: Print express, 2017. – 510 б.